

**БЕКІТЕМІН**  
Астана қаласы  
әкімдігінің «Әдістемелік  
орталығы» МҚҚҚ  
басшысы  
  
С. Дауешова  
«12» 12 2024 ж.

**«Тұған - тілім алтын бесігім»  
мектепке дейінгі ұйымның жас қазақ тілі педагогтеріне арналған  
қалалық мәнерлеп оку байқауын өткізу туралы  
ЕРЕЖЕ**

**1. Жалпы ережелер**

1.1. Осы Ереже мемлекеттік мектепке дейінгі ұйымның жас қазақ тілі педагогтері арасында «Тұған - тілім алтын бесігім» қалалық мәнерлеп оку байқауының (бұдан әрі - Байқау) мақсаты мен міндеттерін айқындайды, ұйымдастыру тәртібі мен өткізу шарттарын белгілейді.

1.2. Байқау Астана қаласы әкімдігінің «Әдістемелік орталығы» МҚҚҚ (бұдан әрі – Орталық) 2024 жылға арналған жұмыс жоспарына сәйкес өткізіледі.

**2. Байқаудың мақсаты мен міндеттері**

2.1. **Мақсаты:** мектепке дейінгі ұйымның жас қазақ тілі педагогтері арасында кітап оқуды насиҳаттау, шығармашылық және зияткерлік қабілетін дамытуға жағдай жасау

**2.2. Міндеттері:**

- талантты педагогтерді анықтау;
- педагогтердің шығармашылық бастамаларын дамыту және кітап оқуға ынталандыру;
- қазақ тілі педагогінің беделін арттыру.

**3. Байқауды ұйымдастыру тәртібі және өткізу шарттары**

3.1. Байқауға үш жылға дейінгі педагогикалық жұмыс өтілі бар мектепке дейінгі ұйымдардың қазақ тілі педагогтері қатысады.

3.2. Педагогтерді бағалау үшін қалалық кезеңде басшының бұйрығымен қалалық (құрамы кемінде 7 адам) комиссия құрылады.

3.3. Комиссия Білім басқармасының мен Орталық қызметкерлері, педагог-зерттеушілер, педагог-шеберлер, педагогикалық шеберліктің кәсіби байқауларының жеңімпаздары, білім беру саласындағы ғылыми және талдамалық ұйымдардың қызметкерлері (сарапшылары), сондай-ақ білім беру саласындағы үкіметтік емес ұйымдардың, ақын, жазушылар, бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері қатарынан қалыптастырылады.

3.4. Комиссия байқауға қатысушыларды бағалайды.

3.4. Байқауға қатысу үшін қатысушы осы Ереженің 1-қосымшасына сәйкес нысан бойынша белсенді сілтемені көрсете отырып өтінім электрондық

форматта эссе қоса беріледі:

1) қатысушының өтінімі (осы Ереженің 1-қосымшасы);

3) Байқауда қазақстандық авторлардың проза түріндегі шығармасы орныдалады.

3.5. Бір оқылымның регламенті 5-7 минуттан аспауы тиіс. Оқу барысында музикалық сүйемелдеу, декорация, костюм қолдануға болады. Қатысушы дауысының жазбасын қолдануға болмайды. Әр қатысушы шығарманы ешкімнің көмегінсіз өзі окуы керек.

Байқау нәтижелері осы Ережеге З-қосымшада орналастырылған қатысушылардың жұмысын бағалаудың сапалық және сандық көрсеткіштеріне сәйкес балдық жүйе бойынша бағаланады.

#### **4. Байқау қатысушысына қойыллатын талаптар**

4.1. Өтінімді ұсына отырып, қатысушы:

- жеке деректерін пайдалануға және материалдарды сайтта, баспа басылымдарында, Интернет-БАҚ-та және басқа бұқаралық ақпарат көздерінде орналастыруға, БАҚ-та жариялауға, өндеуге келісімін береді.

4.2. Жіберілген материал рецензияланбайды және қайтарылмайды.

#### **5. Материалдарды ресімдеуге қойыллатын талаптар**

5.1. Өтінім «Тұған тілім алтын бесігім» байқауының атауымен [m.boranbaeva@astana-modern.edu.kz](mailto:m.boranbaeva@astana-modern.edu.kz) электрондық поштасына **2024 жылдың «31» желтоқсан күні сағат 18.00-ге дейін** кешіктірмей жіберілуі тиіс.

5.2. Көрсетілген мерзімнен кеш түсken өтінім қаралмайды.

5.3. Өтінім бойынша **2025 жылдың «7» қаңтар күні** қатысушылармен (WhatsApp) чат құрылдып, өтетін орны және уақыты бойынша мәлімет берілетін болады.

#### **6. Қорытынды шығару, женімпаздарды марапаттау**

6.1. «Тұған тілім алтын бесігім» қалалық мәнерлеп оку байқауының қорытындысы бойынша келесі жүлделі орындар белгіленеді:

- I орын;

- II орын;

- III орын анықталады және комиссияның шешімі бойынша қосымша номинация берілуі мүмкін.

6.2. Байқаудың женімпаздары Орталықтың дипломдарымен және сыйлықтарымен марапатталады.

6.3. Байқауға женімпаздары туралы ақпарат **2025 жылдың «10» қаңтар күні** Әдістемелік орталықтың <https://astana-modern.edu.kz/> сайтында және әлеуметтік желілерінде жарияланатын болады.

**I- қосымша**

**«Тұған тілім алтын бесігім» қалалық мәнерлеп оқу байқауына қатысуға  
ӨТІНІМ**

Мені конкурсқа қатысуға жіберуіңізді сұраймын.  
Өзім туралы мынадай мәліметтерді хабарлаймын:

1.	Жұмыс орны	
2.	Тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда)	
3.	Лауазымы	
4.	Педагогикалық өтілі	
5.	Білімі	
6.	Біліктілік санаты (бар болғанда)	
7.	Байланыс телефон нөмері, (уатсап) электронды пошта	

**Мәнерлеп оқу жұмысын бағалау парагы**

білім беру үйімінің атауы

қатысушының аты-жөні

(әрбір критерийдің максималды бағалау балы – 5 балл)

№	Бағалау өлшем шарты	Ұпай саны (Критерий сайкес келмеген жағдайлда бағаланбайды)
1.	таңдалап алғынған шығарманың өзіндік ерекшелігі	
2.	сөйлеу мәнері мен анықтығы (әрбір тармақты бағалау қажет) логикалық екпін даудыс ыргагы төмб оқылымның эмоционалдық-экспрессивтік бояуы	
3.	регламенттің сақталуы (5-7 минут)	
4.	мәтіннің бейнелік жүйесі мен мазмұндық құрылымына терең сезіну	
5.	орындаушының сыртқы түрі	
6.	актерлік шеберлігі	
7.	шығарма тақырыбымен музыкалық сүйемелдеудің, костюм мен декорацияның үндесуі	
<b>Жалпы ұпай:</b>		

**Қазылар мүшесі:**

(комиссия мүшесінің аты-жөні)

(қолы)

«\_\_» \_\_ 2024 жыл